

"Қазақстан-Қытай Құбыры" ЖШС

бас директорының м. а.

2021 жылғы 24 ақпан № 22/16 бұйрығымен

бекітілді

**«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ» ЖШС-НЫҢ САПА, ҚОРШАҒАН
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ
ЭНЕРГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ
САЯСАТЫ**

**«БІЗ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРЛАР АРҚЫЛЫ ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ
МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ»**

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС магистральдық құбырлар жүйесінің иесі бола отырып, серпінді түрде дамып келе жатқан компания болып табылады. Компания қызметі мұнайды Қытай Халық Республикасына экспорттау мен тасымалдауға, сонымен қатар қазақстандық мұнайдың ішкі нарығын қамтамасыз етуге көзделген.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ның басты стратегиялық мақсаты сенімділіктің, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздіктің жоғарғы деңгейімен қатар мұнайдың үздіксіз тасымалдануын қамтамасыз ету болып табылады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ның басты стратегиялық бағыттарының бірі - тұтынушылардың қанағаттануын үздіксіз жетілдіру, өндірістік жарақаттың алдын алу, қоршаған ортаға әсерін азайту және компанияның тұрақты дамуы мақсатында қазіргі заманның салалық технологиясын қолдану негізінде үздіксіз техникалық даму болып табылады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС басшылығы магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау бойынша қызметтерге қолданатын ISO 9001:2015; ISO 14001:2015; ISO 45001:2018; ISO 50001:2018 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкес ықпалдасқан менеджмент жүйе нәтижелігін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттенеді.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ында еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік бойынша тиімді профилактикалық шаралар кешені әзірленген. «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-да еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес жүзеге асады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС тиімді энергетикалық менеджментке және энергетикалық нәтижелерді жақсартуға мүдделі.

Сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі мен энергиялық тиімділікті қамтамасыз ету саласындағы «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС саясатын жүзеге асыру келесі қағидаларға негізделген:

- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және өндірістік жарақаттардың алдын алу, төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету;
- магистральдық құбырлар арқылы мұнайды апатсыз және қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету;
- өндірістік процестерді экологиялық қауіпсіз деңгейде жүзеге асыру;
- өндірістік мәдениетін және кәсіби дайындығын арттыру, қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру үшін қызметкерлерді қажетті дағдыларға оқыту;
- тұтынушылар мен жеткізушілер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- процестерді басқарудың заманауи әдістерін, жаңа технологияларды қолдану және білікті персоналдың барлық процестерге белсенді қатысуы;
- мұнайды тасымалдау бойынша қызмет көрсетудің шарттық міндеттерін сапалы орындау және өзара экономикалық мүдделерді ескере отырып тұтынушылардың құқықтық талаптарын қанағаттандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарын мүлтіксіз орындау. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері мен халықаралық стандарттарының талаптарына толықтай сәйкестендіре отырып жұмыстарды жоспарлау және орындау;
- табиғат қорғау қызметін тұрақты іске асыру, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға ұмтылу, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану;
- энергиялық тиімділікті арттыру мақсатында тиімді энергия менеджменті жүйесін құру;
- энергияның айтарлықтай көлеміне байланысты өндірістік қызметті жүзеге асыру барысында энергетикалық нәтижені үнемі жоғарлату;
- энергетикалық сипаттамасы жақсартылған, сенімділігі жоғары энергиялық тиімді жабдықтарды сатып алуға көмектесу;
- энергияны пайдалану, тұтыну мен энергетикалық тиімділікке қатысты Қазақстан Республикасы заңнамалық талаптары мен өзге де талаптарды сөзсіз орындау;
- өндірістік-қаржылық көрсеткіштерді жақсарту және менеджмент жүйесін дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру.